

## Ойыл ауданы,Сапақкөл орта мектебі 2023-2024 оқу жылындағы аға тәлімгердің «Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылған іс-шаралар жоспарының талдау жұмысы.

Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Мектеп/студенттік парламент» білім алушыларының өзін-өзі дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын 2023- 2024 оқу жылының іс шаралар жоспары құрылды. 2023-2024оқу жылының өзін-өзі басқару ұйымының жүргізілген жұмыстары зерделеніп,сараптама жасалынды. Еліміздің мүддесін ойлайтын,экономикалық бәсекелестікке қабілетті,білім мен өнерге құштар,елінің тарихын білетін, тілін, дінін,әдет ғұрып,салт-санасын қастерлейтін,еңбекқор да,салауатты,адами құндылықтар бойына қалыптасқан,әділетті,қайсар тұлғаны өзін-өзі басқару арқылы қалыптастыру мақсатында мектептегі тәрбиенің кешенді-мақсатты бағдарламасын басшылыққа ала отырып,мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымы құрылып,жұмыс жүргізілуде. 2023-2024 оқу жылында «Мектеп/студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын іс-шаралар өткізілді.

Қыркүйек айында мектеп парламенті бір жылдық жұмыс жоспарын жасады.



Қайырымдылық фракциясының ұйымдастыруымен, ай сайын мектебімізде қайырымдылық марафоны ұйымдастырылып тұрды.Қарттар күніне орай «Еріктілер клубы» мүмкіндігі шектеулі отбасыларына барып көмек қолын созды.



Қазан айында «Ең үздік, ең білімді, ең креативті» Сапақкөл орта мектебінің оқушылары ұстаздар күнінде ұстардарын құттықтады. «Ұстаз ұлы есім» және «Дублер күні» өтті. Ұстаздар күніне орай

05.10.2023ж. мектеп бойынша Өзін-өзі басқару ұйымы «Дублер күнін өткізді. Дублер күніне орай оқушылар мұғалімдердің ролін сомдады. Өзін-өзі басқару күніне белсенділік танытып, оқушылар бөлініп, сабақтар жүргізді. Оқушылар өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып мектеп өмірімен танысып жауапкершілікті сезінді.



«Алтын күздің сұлулығы» тақырыбында 1-6 сынып арасында және «Арайлы алтын күз» тақырыбында 7-8-9 сыныптар арасында күзгі балл ұйымдастырылды. Іс-шараларды Экология және мәдениет фракциялары ұйымдастырып атсалысты.



Күнделікті қоңырау кезінде «Көңілді қоңырау» ұйымдастырылып отырды. Мақсаты оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, оқуға құштарлығын ояту, тез ойлау қабілеттерін ашу.

Ауызбіршілікке тәрбиелей отырып бір-бірімен жақсы қарым қатынас жасауға тәрбиелеу. Ойлау, пайымдау, еске сақтау, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.

Жас ұрпақ бойына адамгершілікті, сыпайылықты, жауапкершілікті сақтауға тәрбиелеу.



Қазақстан Республикасы күніне орай мектепшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Оқушы бойына отанға деген патриоттық сезімдерін оята отырып ұлтжандылыққа тәрбиелеу.



Сапақкөл орта мектебінде «Балалар мен жасөспірімдердің құқығын қорғау» ауылдық инспекторымен кездесу өтті.



Сапақкөл орта мектебінде «Жас сарбаздар» патриоттық әндер байқауы өтті. 1-11 сынып оқушылары қатынасты. Мақсаты отан сүйгіштікке тәрбиелеу.



Сапақкөл орта мектебінде жаңа жыл қарсаңында «Жаңа жыл, жаңа жыр» мектепшілік шырша тойы өтті.



Мектебімізде 9-11 сыныптар арасында «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» мамандармен кездесу өтті.



Экология және еңбек фракциясының ұйымдастыруымен «Қалдықтарды бабысқа айналдырайық» атты мектепшілік жоба өткізілді.



«Денім сау болсын десең» спорттық сайыстар өткізілді.



Мектепшілік алғыс айту күніне орай «Алғыс айту парызым» тақырыбында 1-11 сыныптар аралығында челлендж өткізілді.



«Мен ерекше баламын» тақырыбында Жас Ұландар арасында білім сайысы өткізілді.



«Жасыл желек мектебim» мек \теп ауласында тал отырғызу. Экология және еңбек фракциясы.



Ай сайын мектебimизде қайырымдылық іс – шаралары өткізілді.



Мектепшілік жылдық жұмыстарды қортындылау мақсатында парламент мүшелері марапатталды.

